

Ер адамның сырт киімдері

Қазақ ұлттық киімдерінің түрлері

- ❖ Іштік киім
- ❖ Сырттық киім
- ❖ Сулық киім
- ❖ Бас киім
- ❖ Аяқ киім



Еркектердің киімі

- ❖ Жейде
- ❖ Дамбал
- ❖ Бешпент
- ❖ Шапан
- ❖ Шалбар
- ❖ ҚЫСҚЫ ТОН
- ❖ Ішіктер



Тон

Қазақтар барыс пен киік, құндыз бен бұлғын, қасқыр мен түлкі терілерін жоғары бағалап, оларды ерте кезден ерекше тәсілмен өңдеп, жылы тондар мен ішіктер тіккен. Ішіктер мәуітімен, жібекпен тысталып, түстері бойынша ажыратылған. Белгілі, ауқатты адамдар ғана көк мәуітімен тысталған қымбат жағалы тон киген.



Шекпен

Жеңіл де жылы келетін түй жүнінен тоқылған шекпен - жауын-шашынға, ауа-райының әр түрлі қолайсыздығына төтеп беретін киім. Мереке күндері киілетін шекпендер боялған жүннен тоқылған.



Шапан

Бұл сырт киім негізінен ерлер киімі болып саналады. Шапанның дәстүрлі өлшемі-етегінің ұзындығы тізеден төмен, жеңі саусақтарды жазып тұрғанда ұшын жабатындай ұзын болуы керек. Шапан матасы мен сәнделуі, тігілу ерешеліктеріне орай әр түрлі аталып, жас-жыныстық, әлеуметтік өзгешеліктерді айқындайды. Шапан сондай-ақ, тарту-таралғылық төлемдік сияқты әлеуметтік қызметтер атқарады. Ер адамның сырт киімі-шапанға түйме тағылмайды, міндетті түрде сыртынан белбеу буынады.



Шалбар

үлкен адамдардың киетін киімі. Шалбарды әртүрлі матадан тігеді, жазда жұқа матадан, қыста жылы матадан тігеді. Шалбарлар кең болып тігіледі өйткені атқа мініп түсу ыңғайлы болу үшін.



